

Қаншалықты табысты болғыңыз келеді?



Haileybury Almaty



“Haileybury Almaty мектебі академиялық жетістіктерге жеткісі келетін, түрлі үйірмелер мен сабақтан тыс іс-шараларға қатысып, өз әлеуетін ашқысы келетін, бақытты әрі өршіл қоғам құруға құнды үлес қосқысы келетін дарынды қыздар мен ұлдарға мүмкіндіктер әлемін ашады”.

Саймон Миллс,
Директоры

Haileybury Almaty МЕКТЕБІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!



Біз академиялық үлгерімге қатаң талаптар қойып, оқушыларымыздан IGCSE (орта білімнің халықаралық сертификаты) және A-Level емтихандарынан тек жақсы нәтижелер күтеміз. Біздің түлектер АҚШ пен Ұлыбританиядағы, Еуропа мен Азиядағы ең беделді университеттерге оқуға түседі. Біз оқушыларымызда зияткерлік қатаңдық, яғни жүйелі, мұқият және толық ойлау қабілетін тәрбиелейміз, оларға күрделі де қызықты тапсырмалар беріп, қызығушылықты оятамыз. Осылайша, олар академиялық жетістіктер мен мінез, төзімділік және көшбасшылықты қоса дамытатын жан-жақты білім алады. Барлық оқушыларға Haileybury Almaty ұсынатын көптеген сыныптан тыс іс-шараларға, үйірмелерге қатысуға кеңес беріледі. Осындай үйірмелер ойлау икемділігін дамытады, әлеуметтік жауапкершілік пен топтық рухты қалыптастырады, сенімділікті нығайтады және дұрыс құндылықтарды тәрбиелейді – мұның бәрі біздің түлектерге осы күрделі әлемде өз жолын табуға көмектеседі. Haileybury мұғалімдері тәрбие жұмысына өте көп көңіл бөледі.

Мұғалімдеріміздің оқушылармен қарым-қатынаста танытатын қамқорлығы Haileybury оқушыларының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Біздің мақсатымыз – Haileybury түлектерін бәсеке жоғары әлемдік еңбек нарығында табысқа жету үшін қажетті өмірлік дағдылар мен академиялық білімдермен жабдықтау. Оқушыларымыз мектептен өзін-өзі толықтай танитын, жетістіктерімен мақтанатын және басқа адамдардың мәселелеріне бей-жай қарамайтын тұлғалар болып шығады деп сенеміз. Біздің мектеп үнемі Haileybury UK (Ұлыбритания) және Haileybury Astana мектептерімен тығыз қарым-қатынаста. Біз олардың дәстүрлері мен құндылықтарын жоғары бағалаймыз және Алматыдағы жергілікті қоғамдастыққа білім беру қызметтерін ұсынатынымызды мақтан тұтамыз.

Саймон Миллс

Директоры



“Haileybury мектебінде оқу: балаларыңызға бере алатын ең маңызды сыйлық” бейнесін қараңыз

Ең кішкентай оқушыларымыз үшін (4 жастан бастап)



Ерте жастағы негізгі білім баланың алдағы оқуына ең күшті серпін береді. Naileubury Almaty балалардың жеке даму қажеттіліктері мен қызығушылықтарына үлкен мән береді.

Білікті тәлімгерлер, бір мұғалімге келетін оқушы саны және қолайлы оқу ортасы кішкентай балалардың мектепке тез бейімделуіне өте қолайлы.

Күні бойы олар ағылшын тілінде сөйлесіп, тіл үйренуде, жеке қарым-қатынаста және әлеуметтік өзара әрекеттесуде айтарлықтай жетістіктерге жетеді.



“Мектепалды даярлық тобында балалар математиканы, ағылшын тілін және басқа да негізгі пәндерді ойын түрінде оқиды. Балаға Haileybury Almaty мектебіне кішкентай жасында түскен жөн”.

Haileybury Almaty мұғалімі



“Мектепалды даярлық тобында бір күн” бейнесін қараңыз



Бастауыш сыныптар

(5 - 11 жас)

Біз оқушыларымызды ең жоғары оқу жетістіктеріне дайындаймыз. Мектептің жақсы жабдықталған сынып бөлемелері, оқу ресурстары және білім алу мүмкіндіктері оқушыларға осы мақсатқа жетуге көмектеседі.



“Haileybury Almaty мектебінде фонетиканы үйрену” бейнесін қараңыз

Haileybury Алматы-да біз әр баланың өзіндік ерекше және қайталанбас қабілеттері мен таланттары бар деп есептейміз. Бастауыш сыныпта өткен жылдар – осы қабілеттер мен дарындылықтардың ашылып, бағаланатын уақыты. Біздің жан-жақты, теңдестірілген оқу бағдарламамыз балалардың қалауларын ескеріп, олардың өз қызығушылықтарын зерттеуге және қауіпсіз және тәрбиелі ортада ерте табысқа жетуге мүмкіндік береді.

Бастауыш мектепте ұсынылатын түрлі үйірмелер балаларға өз қызығушылықтарын дамытуға, жаңа нәрсені сынап көруге мүмкіндік береді. Біздің бастауыш сынып мұғалімдеріміз ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнатады және бұл әрбір бала тәрбиесінің өте маңызды бөлігі болып табылады. Жыл бойы ата-аналардың оқу үдерісіне қатысуына көптеген мүмкіндіктер бар. Біз ата-аналарды көруге әрқашан қуаныштымыз.



“Бастауыш сынып мұғалімдерінің баламның Жоғары мектепте білім алуына берік негіз қалауда еңбегі зор”.

Haileybury Алматы оқушысының ата-анасы




“Оқушылар мектеп ұсынатын қосымша оқу мүмкіндіктері арқасында пәндер бойынша өте жоғары жеке жетістіктерге жетеді”.

Аккредитациялық комиссиясы



Ата-аналардың Бастауыш
мектеп туралы пікірлері



A young girl with a patterned headscarf and a prosthetic hand is shown in profile. She is holding a grey, flat, rectangular object with three black icons: a hand holding a pencil, a speech bubble, and a hand holding a pencil. The background is a blurred orange and white striped pattern.

“Haileybury Almaty
– өте ерекше мектеп,
сіздерге мұнда
балалардың
білім алуы мен
дамуы үшін
осындай тамаша
ортаны қалай
жасайтынымызды
көрсеткіміз келеді”.

Haileybury Almaty мұғалімі

Жоғары мектеп

(11-18 жас)



Мектепте қонақжайлылық, қамқорлық пен мейірімділікте толы жұмыс жағдайларын қамтамасыз ете отырып, белсенді рухани тәлімгерлікке көп сүйенеміз.

10-11-сыныптарда (14-16 жас) оқушылар IGCSE (Орта білім туралы халықаралық сертификат) мемлекеттік емтихандарына дайындалады. Бұл емтихандар оқушыларды 12-13 сыныптардағы A-Level бағдарламасына әзірлейді.



Жеке сандық кітапшаңызды жасаңыз



“Жоғары мектепте мұғалімдер сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта барынша беріліп жұмысы істейді, оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатуға бар күш-жігерін жұмсайды”.

Аккредитациялық комиссиясы

“Мектеп мұғалімдері оқу бағдарламасы бойынша пәндерді оқытып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларды армандауға, қалыптан тыс ойлауға, жетістіктерге ұмтылуға үйретеді. Мұғалімдер жетекші, көмекші және тәлімгер рөлін атқарады”.

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы







A-level емтихандарға дайындық | Университетке дейінгі дайындық

(16 - 18 жас)

Haileybury Almaty мектебінің екі жылдық A-Level бағдарламасы қыздар мен ұлдарға маңызды таңдау жасауға тамаша мүмкіндік береді. Бұл – оқушылардың әлемдегі үздік университеттерге түсуге мүмкіндік беретін жоғары сапалы білім мен бағалы тәжірибе алатын уақыты.

A-level бағдарламасы аясында көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіледі, оқушылар өздері таңдаған пәндерді ғана оқиды. Басты пәндер ретінде үш-төрт пәнді таңдап, оқушылар олар бойынша терең білім алады. A-level – жоғары оқу орындарына түсуге сапалы дайындықты қамтамасыз ететін әлемдік деңгейде мойындалған оқу бағдарламасы.



“Оқушыларға әлемнің үздік университеттеріне түсуге көптеген мүмкіндіктер жасалған”.

Haileybury Almaty оқушысы



Haileybury Almaty-дағы A-Level бағдарламасы туралы көбірек біліңіз



Оқушыларымыз түскен университеттер



Stanford
University



Yale



Cornell University



SciencesPo



Университетке оқуға
түскен оқушылар

Жыл сайын 13-сынып түлектері A-Level емтихандарын өте жақсы тапсырады, барлық бағалардың 70%-ын A* немесе A бағалары құрайды.

Түлектеріміз Массачусетс технологиялық институтында, АҚШ-тың Йель және Колумбия университеттерінде, Ұлыбританиядағы Кембридж және Оксфорд университеттерінде және әлемнің басқа да көрнекті университеттерінде білім алуда.

“Мен жақын арада Haileybury мектебін үздік бітірген басқа түлектерімен кездесіп, олармен араласа алатыныма өте қуаныштымын”.

Haileybury Almaty түлегі



Біз мектеп пен оның түлектері арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға тырысамыз, бұл бізге қоғам игілігі үшін қызмет ету рухын сақтауға көмектеседі.

Haileybury Connect Kazakhstan – Haileybury Almaty және Haileybury Astana түлектерінің ресми қауымдастығы.



Haileybury
Connect
Kazakhstan

Тәрбие жұмысы



Рухани-адамгершілік тәрбие біздің жұмысымыздың негізі болып табылады.

Оқушыларымыздың өз әлеуеттерін ашып, табысқа жетуі және мектептегі уақытын көңілді әрі тиімді өткізуі үшін біз олардың психикалық денсаулығы мен аман-саулығына көп мән береміз.

Жасөспірімдердің психоэмоционалды күйі мен аман-саулығына әсер ететін қиын жағдайлар болуы мүмкін екенін түсінеміз, сондықтан мектепте оларға жан-жақты қолдау көрсетіледі.

“Haileybury Almaty оқушыларға тек жоғары сапалы білім беріп қана қоймай, тәрбие жұмысымен де айналысады”.

Haileybury Almaty қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маманы



Лидия Бейсембаева
Мектеп психологы

“Haileybury Almaty мектебі балалардың жақсы үлгерімі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысты деп біледі”.

Haileybury Almaty қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде маманы



Аман-саулық



Haileybury Almaty сабақтан
тыс үйірмелер (CCA)



Үйірмелер – Haileybury- дегі өмірдің маңызды бөлігі

Біз әр оқушының алдындағы кедергілерді жеңе алуға, өзін танып-білуге, өзіне деген сенімділікті арттыруға және жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған көптеген іс-шараларды ұсынамыз.

Жан-жақты дамыған баланы оқыту Британ халықаралық мектебінің құндылықтарының негізі болып табылады. Сыныптан тыс іс-шараларға бірқатар мамандандырылған спорттық жаттығулар, үйірмелерге қатысу және жаңа нәрселермен айналысып көру мүмкіндіктері кіреді.



“Көптеген сыныптан тыс іс-шаралар арқылы балалар өздеріне ұнайтын нәрсені таңдай алады деп үміттенеміз”.

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы

Спорт



Хаустар арасындағы футбол жарысы бейнесін қараңыз



Спорт Haileybury өмірінде өте маңызды орын алады, себебі командалық жұмыс арқылы сенімділік пен төзімділік қалыптастырылады, физикалық және ақыл-ой күші арқылы көшбасшылықты дамытады.

Haileybury Almaty барлық жастағы және шеберлік деңгейіндегі оқушыларға көптеген спорттық шараларды ұсынады.

Мектепте 25 метрлік жабық бассейн, спорт залы, би залы, өнер және музыка студиялары бар.





“Спорттық шаралар өте әсерлі, олар тамаша ұйымдастырылған. Барлық оқушылар мен мұғалімдердің белсенді қатысуы баланың тұлға болып қалыптасуына тиімді”.

Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы



“Баламның дене
шынықтыру деңгейінің
жақсарғанын, өзіне
деген сенімінің
артқанын көру мен үшін
үлкен қуаныш”.


Haileybury Almaty оқушысының ата-анасы



Maker Space жасампаз шеберханасы және Robotics Lab робототехника зертханасы

Біздің жасампаз Maker Space шеберханамыз және Robotics Lab робототехника зертханамыз оқушыларды болашақта пайда болатын мамандықтарға дайындайды.

Haileybury Almaty мектебінің Робототехника пәні бойынша оқу бағдарламасына негізгі цифрлық бағдарламалау және есептерді шешу дағдылары енгізілген. Біздің мектеп STEAM салаларында (жаратылыстану, технология, инженерия, бейнелеу өнері және математика) білім алуға, сондай-ақ инженерлік-техникалық жобалау тәжірибесін алуға есік ашады.




“Робототехника зертханасында әртүрлі 3D принтерлер мен жобаларымызда қолдануға болатын басқа да құралдар бар”.

Haileybury Almaty оқушысы



Initium Robotics бейнесін
қараңыз



“Біз Haileybury оқушыларының қажеттіліктерін қанағаттандырып, заманауи, тиімді, технологиялық жағынан жетілдірілген және үнемі дамып отыратын Maker Space және Robotics Lab зертханаларын құруымыз керек”.

Haileybury Almaty мұғалімі

Театр және музыка

Haileybury Almaty мектебінде әркім өзіне ұнайтын өнер түрін тандай алады: аспаптық музыка, ән айту, актерлік шеберлік, мектеп қойылымдары. Барлық сыныптарымыз түгел керек құралдармен жабдықталған. Өз сахнамыз бар, кең дайындық бөлмелері мен дыбыс жазу студиясы, сахналық өнер кабинеті және музыка сабағына арналған арнайы сыныптар бар. Біз бастауыш және жоғары мектепте жоғары сұранысқа ие арнайы музыкалық бағдарламаны жүзеге асырамыз.



«Венди және Питер Пэн»
қойылымы туралы бейнені
қараңыз



“Haileybury Almaty мұғалімдері оқушылардың пәндер бойынша түсінігін жақсартуға көмектесу үшін оқытудың инновациялық әдістерін пайдаланады және, ең бастысы, сабақтарды ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКІЗЕДІ”.

Аккредитациялық комиссиясы





Эдинбург герцогы жүлдесі

Халықаралық «Эдинбург герцогы жүлдесі» бағдарламасы

Біз оқушыларға Эдинбург герцогы жүлдесін мақтанышпен ұсынамыз. Тұлғаны дамытуды көздеген бұл беделді бағдарлама 14 пен 25 жас аралығындағы жас адамдарға арналған. Бағдарламаға кез келген адам қатыса алады, яғни кез келген адам өзін сынап көре алады.

Эдинбург герцогы жүлдесі – 130 елде 7,9 миллион жас адам қатысатын әлемдегі ең танымал жастар көшбасшылығы саласындағы жүлделердің бірі. Haileybury Almaty Орталық Азиядағы осы халықаралық бағдарламаның ең ірі ұйымдастырушысы болып табылады.



Халықаралық бағдарлама әлеуметтік өзара әрекеттесу және ұжымдық жұмыс жағдайында адамның ақыл-ойының, тәнінің және жанының дамуына ықпал ететін теңдестірілген шараларды ұсынады. Оқушылар өзін-өзі тәрбиелеудің, ұйымшылдықтың, іскерліктің және еңбекқорлықтың маңыздылығын түсінетін болады.



Оқушыларды қабылдау



Нысанды толтырыңыз

Haileybury Almaty-ға келіңіз де, мектебіміздің оқушылар үшін неліктен сондай ерекше орын болғанын өз көзіңізбен көріңіз!

Оқушыларды қабылдау бөлімі сізге әрбір қадамды түсіндіріп, кез келген сұрақтарыңызға жауап береді.



1

Өтініш нысанын толтырыңыз.



2

45 000 теңге мөлшеріндегі қайтарылмайтын тіркеу жарнасын төлеңіз.



3

Бізге балаңыздың төлқұжатының көшірмесін және соңғы үлгерім табелін өткізіңіз.



4

Тіркелген үміткерлер мен олардың ата-аналары мектеп бойынша тұрға және оқушыларды қабылдау бөлімімен кездесуге шақырылады.



5

Тіркелген үміткерлер қабылдау емтихандарын тапсырып, мектеп директорымен сұхбаттасуы керек.



6

Мектепке қабылданған үміткерлер өтініш берген кезде оқитын мектептен анықтама алып келу керек.



784 оқушылар саны

37 ұлт

67 Ұлыбританиядан келген білікті мұғалімдер саны

Біз сіздің балаңыздың өсуі мен дамуына ықпал ететін бірегей оқу тәжірибесін ұсынамыз.



Байланыс деректеріміз

Біздің ақпаратымыз сізге қызық әрі пайдалы болды деп үміттенеміз. Қосымша ақпарат алу үшін сізді мектебімізге шақырамыз.

Мектепке келгіңіз келсе, admissions@haileyburyalmaty.kz немесе **+7 (727) 355 01 00** нөмірі бойынша Оқушыларды қабылдау бөлімімен хабарласыңыз.



Мектебіміз туралы толық ақпарат www.haileybury.kz веб-сайтында келтірілген.

Сізді мектебімізде асыға күтеміз!





Haileybury Almaty

www.haileybury.kz

Болашақ көшбасшыларды дамыту



HaileyburyAlmaty



@haileybury_almaty



Haileybury-Almaty



@HaileyburyKZ



HaileyburyAlmaty

Haileybury Almaty білім берудің барлық аспектілерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды.



Haileybury Almaty



Болашақ
көшбасшыларды
дамыту

